

# АНА ТІЛІ

Ғалим Тазабаев

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## Сурет шерткен сыр



Маған осы бір сұрасаң сөзің жетпес, шырақ алып іздесең таптырмас түрлі түсті фотосуреттер топтамасын аудан әкімдігі жалпы бөлімінің меңгерушісі, тіл мен өнер жанашыры Виктор Козлов: «Қареке, бір қажетіңе жаратарсың. Тарихи дүние екені көрініп-ақ тұр», - деп шын ынта пейілімен табыстаған еді. Әдетте әр жылдары ауданда бірінші басшы болып қызмет атқарған жоғары лауазым иелері (партиясы, әкімдігі болсын) ғайыптан тайып, билік мерзімі аяқталған кезінде өздеріне сыйға тартылған көп дүниелерді (кітап пен әшекейлі бұйымдар т.б.) ұзақ жыл отырған кабинетіне тастап кете барады. Ал оларды бір жерге жинап, топтастырып жүретін жалпы бөлімнің жігіттері. Сондай мұраға қалғандардың арасынан екшеп алып, Виктор досымның маған ұсынған өткен ғасырдан сыр шертетін фотосуреттері шынымен де аса бағалы болып шықты.

### 30 ЖЫЛ САҚТАЛҒАН СУРЕТ

Арада зымырап отыз жыл өтсе де сынын жоғалтпаған фотосуреттерді қолыма қобалжи алған сәтте қазақтың өрнекті де нақышты көйлегі мен камзолын киген, кестелі ақ кимешекті, жарқын жүзді Бикен Римова апамыздың бейнесі көзіме оттай шалынды. Заманында атақ-даңқы шартарапқа тараған Үштөбе жөндеу-механикалық зауыты Мәдениет сарайының (қазіргі аудандық Мәдениет үйі) сәнді сахнасы. Алғашқы фотосуретте қазақ өнерінің мақтанышы, Қазақстанның халық артисі Бикен Римоваға сол тұстағы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары А.Н.Ромашенконың «Қаратал ауданының құрметті азаматы» лентасын иығына жауып, аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің құттықтау хатын табыстауы бейнеленіпті. Ардақты апамызға сахна төрінде ілтипат білдіріп, қошемет

көрсетушілерге келсек, олар оң жақта: ауданның сол тұста бірінші басшысы А.С.Гребенчиков, облыстық атқару комитеті кеңесінің өкілі Л.Тұяқбаева, облыстық партия комитетінің бөлім бастығы П.В.Метельский және облыстық мәдениет басқармасының бастығы Е.Далбағаев ағай. Жүздері шадыманды. Ал келесі фотода ауданның құрметті азаматы атанған мерейтой иесінің залдағы қалың көрерменге жүрекжарды алғысын жеткізіп, бас иіп тұрған сәті шынайы көрініс тауыпты. Ойламаған жерден олжалы болып, тарихи жәдігерді жолықтырған өз басым сол сәтте сәл-пәл болса да сезім құшағына бөленгенім де рас. Бұл жайында «бір білсе, ұзақ жылдар мәдениеттің тізгінін ұстаған Жексенбек досым білер» деп сыр суыртпақтадым.

– Аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушысы болған кезімде маған үлкен сенім көрсетілді. Аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісіне жоғарылатылдым. Ардақты ағамыз Танатар Иманғалиұлының ақ батасын алып, іске кірістім. Көп ұзамай 1983 жылдың басында ауданымызға қазақ театр өнерінің жарық жұлдызы Бикен Римованың қонаққа келетіні белгілі болды. Жанындағы серігі – сахнадағы әріптесі, танымал актриса Хабиба Елебекова (әнші Ж.Елебековтың жұбайы) екен. Алматыдан шығып, Талдықорғанда болған. Облыс басшыларының ыстық ықыласына бөленген апатайымыз бізге ел жұртымен кездесуден бір күн бұрын келді. Қонақ үйге орналасты. Ертеңіне РМЗ-ның Мәдениет сарайында жерлестерімен кездесуі өтті. Біздер мәдениет қызметкерлері, аяғымыздан тік тұрып, қос бірдей сахна саңлағына қызмет көрсеттік.

Уағдаласқан күні жаңадан салынған Мәдениет сарайы көрерменге лық толды. Ауыл- ауылдан әдейілеп келгендер көп. Бикен апамыздың асқаралы алпысқа толу құрметіне арналған кездесу жиынын ауданның бірінші басшысы ашып, жүргізді. Облыстан келген өкілдер құттықтады. Жан құрбысындай болған Хабиба апай да сыйлас, сырлас сіндісінің актрисалық және адамгершілік қасиеттері жайлы тебірене сөйледі. Жиынның салтанатты сәті – қазақы ұлттық киім киіп, сахнаға шыққан, оны ажарландырған Бикен апамызға «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атағы мен аудан басшылығының құттықтау хатын тапсыру шағы болды. Мерейтой иесіне гүл шоқтары табысталды. Әлсін-әлсін ду-ду етіп, алақандар соғылды.

Ризашылық сөзін апатайымыздың өзі айтты. Тебіренгені, толқығаны байқалды. Апамыздың:

– Өнер жолында іссапармен қазағымның кең байтақ жерін түгел дерлік шарладым. Сұлу Көкшеге келін болып та түстім. (Жұбайы драматург Ш.Құсайынов Көкшенің тумасы). Талай көрікті де тамаша жерді, қонақжай елді көрдім. Әйтсе де балалық шағымның ізі қалған, кіндігің кесіліп, кірің жуылған жерге жететін ешнәрсе жоқ екеніне көз жеткіздім. Қаратал мен Тентектің сылдырап аққан суындай су көрмедім. Өмір жолым, тағдыр талайым әрқалай болып, өнер қуып жүріп, уақыттың біразын өткізіп алсам да, туған жермен кеш те болса, табысқанымға қуаныштымын. Бүгінгі қошеметтеріңізге мың да бір рахмет айтамын! Басымыз әркез жақсылықта қосылсын. Қазағымыздың өнері өсіп, өркендей берсін. Баршаңызға шексіз алғысымды білдіремін», – деген жүрекжарды лебізі әлі де көкірегімде

сақталып, жаттаулы», – дейді Жексенбек досымыз өткен күндерге шолу жасап.

## ҮЙГЕНТАС ЖАЙЛАУЫНДА...

Көпшілік жұрттың есінде болар, кейін 1991 жылдың тамызында сол тұстағы Андреев ауданының Үйгентас жайлауында Қаракерей Қабанбай батырдың 300 жылдығы республикалық деңгейде дүркіреп өтті. Қаратал ауданының шаруашылықтары да сәнді үйлер тікті, тікесінен тік тұрып қызмет етті. Шартараптан (тіпті Шешен-Ингуш автономиясы республикасы делегациясы да бар) келген сыйлы қонақтардың қатарында жерлес актриса апайымыз Бикен Римова да болды. Алпыстың жуан ортасынан асып, жетпіске таяса да әлі ширақтығынан жаңылмаған сахна шеберін өзінің кіндік қаны тамған Красный Восток (қазіргі Қанабек) ауылының тұрғындары, оған ірге тепкен, білікті басшы Қырымбай Қарашев жетекшілік ететін «Жағатал» құс шаруашылығының өнерлі ұл-қыздары қол қусыра отырып күтті. Апамыздың жанындағы серігі, танымал режиссер Болат Атабаев екен. Аудандық ұйымдастыру комитетінің төрағасы С.Сағатбеков және оның мүшелері Таңатар аға Иманғалиев болып бәріміз шашу шашып, қарсы алдық, жағаталдықтардың арнайылап тіккен үйіне орналастырдық.

Ұзақ жолдан жолсоқты болып келген апамыз біраз демалып, тыныққаннан кейін кешкі қонақасы дастарханында бірге дәмдес болудың сәті түсті. Шай үстінде өзін өте қарапайым ұстаған ол көбіне – көп ауыл мен елдің хал-жағдайын, көз көрген туған туыстарының амандық саулығы жайлы сұрастырып, әңгіме қозғады. Отырғандарды сөзге тартты. Тыным таппай қызмет еткен, ән салған, көңіл көтерген ұл-қыздарына рахметін айтты. Ертеңіне тойдың салтанатты ашылуы басталғанға дейін жағаталдық өнерпаздармен бірге (Р.Мұздыбаев жетекшілік ететін ұлт-аспаптар ансамблі) иық түйістіре отырып суретке де түсті. Сол жасыл жайлау төріндегі ескерткіш белгі жеке мұрағатымда әлі күнге дейін апамыздың көзінде болып сақтаулы тұр. Ара-тұра көз жүгіртіп, кейінде қалған сағынышты күндерді еске алып қоямын. Жаксымен жүздесіп, дидарласудың, әңгімесін естіп, лебізін тыңдаудың өзі бір ғанибет екен білген адамға.

Сол кездесуден соң араға екі жыл салып, 1993 жылдың күзінде апамыз туған топырағы – Қараталға жетелі жетпіс жасқа толғанында келіп, ел жұртымен тағы бір қауышты. Азаматтар тарапынан хал-қадірінше құрмет, сый- сияпат көрсетілді. Бір жыл өтісімен Балпық әулиенің кесенесі бой көтеріп, аруағына арналып ас берілді. Сол елдік шараға Бикен апайымыз Алматыдан арнайылап келіп, үлкен жиын үстінде даңқты бабаның кейінгі ұрпағының бірі ретінде тебірене сөз сөйледі. Игі іске ұйытқы болған жандарға алғыс сезімін жеткізіп, жерлестерімен жүздесіп, мәре-сәре күй кешті.

Егер мен жаңылмасам, сол тұста жетпістің жотасына көтерілген, бергін келе азамат ұлының бірінен қапыда көз жазып қалған Бикен апамыздың бұл жолғы сапары Қаратал өңірінде соңғы болды ма деп топшылаймын.

Әйтсе де ел азаматтары Жағатал құс шаруашылығының басшысы Қ.Қарашев ағай (марқұм) байланысын үзбей, қолдан келген көмегін көрсетіп отырды. Ал тіл мен өнер жанашыры, ақын, сол кездегі оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі Т.Шәріпбаев Алматыға бір барғанында апамызға арнайылап сәлем береді. Отбасында болады. Екеуара болған сұхбаты аудандық газеттің бірінде жарияланды да. Ал апамыз 2000 жылдың қаңтарында өмірден озғанында аудан азаматтары атынан ілтипатты інілері Т.Шәріпбаев пен Н.Желдібаев барып, қазаға ортақтасқаны, марқұмның қабіріне топырақ салғанының куәгеріміз.

## **БИЫЛ – РИМОВА ЖЫЛЫ**

Биылғы 2023 жыл қараталдықтар үшін қазақ өнерінің сахна санлағы Б.Римова мен қарымды қаламгер К.Тоқаев жылы деп ұйғарылып отыр. Әбден құптарлық-ақ. Қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсіреповтің «әдебиет пен өнер ұлы болмайынша, ұлт та ұлы бола алмайды» деп айтқанындай, өнер мен әдебиеттің көрнекті өкілдеріне халықтық құрмет көрсету арқылы осы бір рухани саланың көкжиегін кеңейте алатынымыз өзінен-өзі түсінікті жайт. Демек, қаламгер ағайындар бұқаралық ақпарат құралының жанды көмегі арқылы жоғарыда есімдері ілтипатпен аталған жақсы мен жайсандарымыздың өнегелі өмірі мен тағылымды іс қызметі жайлы кеңінен толғап, сыр шертсе, жақсының жасампаздығын кестелі тілмен, көркем оймен қисындатып жеткізсе нұр үстіне нұр жауар деп түйіндейміз.

**Қараша Қараман**